

№13- тәжірибелік сабақ. Глобализация және халықаралық саясаттың демократиялануы.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық саясаттың негізгі ұғым мен құралдарын танымын жасай алады. Жаһандану үдерісін анализ жасай алады. Демократия мен демократиялануға қатысты негізгі ұғым мен теорияларды түсіндіре алады. Халықаралық саясаттың жергілікті және жаһандық жақтарын демократиялануын тұжырымдай алады. Жаһандану және халықаралық демократия арасындағы байланысты зерделей алады. Халықаралық саясат пен демократиялық өзгерістерді, трансформациялар арасындағы интерактив байланысты түсіндіре алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Халықаралық саясат, мемлекет, мемлекет тысындағы актор, ұлыс мемлекет, егемендік, реализм, либерализм, халықаралық ұйымдар, жаһандану, демократия, демократиялану, шекараны асқан демократия, демократия көмектері, демократия толқындары, демократияны басқару, демократиялық әлем тәртібі, жақсы басқару, мөлдірлік, есеп бере алу, көпшілік, құқықтың үстемдігі, қатысу, элита, үкіметтік емес ұйымдардың мән-мағынасын түсінеді, түсіндіре алады.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас

«Жаһандану» және «демократияландыру» соңғы жылдардағы халықаралық қатынастардың сәндік концепциялары емес, сонымен бірге жаһандық өзгерістерді анықтайтын тенденцияларға әсер етті. Жаһандану жаңа, жан-жақты және көп жақты қатынастарды білдірсе де, демократияны алға жылжытатын және оны өмірдің барлық саласында әмбебап құндылыққа айналдыратын процесс ретінде қызмет етті. Демократияландырудың деңгейі бүгінде елдің халықаралық аренадағы құрметіне, тіпті оның өмір сүруі мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Демократия үкіметтердің ғаламдық интеграциясы мен халықаралық ұйымдардағы өкілдігінің саяси тетік көзі болды. Соңғы жарты ғасырда халықаралық демократияландыру қарқын алды, бірақ соңғы жылдары Араб көктемімен бірге жеделдей түсті. Демократиялық елдер әлемдік жүйеге бағыт бағдар берген кезде демократиялық құндылықтар біртіндеп жаһандық нормаға айналып, демократияландыруды қолдау және тарату сыртқы саясат пен дамудың негізгі параметріне айналды. Демократия көмектері әртүрлі себептермен сынға ұшырағанына қарамастан, олардың мөлшері, ауқымы мен әсерлері тұрғысынан біртіндеп артып келеді. Бұл көмектің мөлшері нақты белгісіз болғанымен, соңғы жылдары орташа екі миллиард долларға жеткен деп топшыланады. Бұл көмектер қоғамдағы өзгерістер мен қайта құрудың қозғаушы күші және дамушы әлемдегі демократияландырудың қозғаушы күші болып табылатын азаматтық қоғамды нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары үкіметтер сияқты, ТҰК(транс ұлттық компаниялар) мен ҰЕҰ(үкіметтік емес ұйымдар) да халықаралық демократияны таратуда белсенді рөл атқара бастады. Халықаралық қоғамдық пікірде елдердің ішкі проблемалары егемендік мәселесі деген пікірдің орнын біртіндеп сын айту әрі мемлекеттің ішкі істеріне араласуларға жол бере бастады. Демократияландыру өскен сайын жаһандық процестер, халықаралық ұйымдар мен халықаралық жүйе одан сайын ашық, есепті және әділ болады.

Жаһандану демократияны импорттау деген сөз емес. Жаһанданумен бірге дамыған елдерде шетелдік инвестициялар, экономикалық даму, сыбайлас жемқорлықтың төмендеуі, жариялылық пен бостандық талаптары артты. Осы

шеңберде демократия тұрақты дамуды, тікелей шетелдік инвестицияларды, экономикалық даму және саяси тұрақтылық әкелетінін көрсететін талдаулар мен эмпирикалық зерттеулер бар. Алайда, жаһандану процесінің демократияландыруға әсері әлі де пікірталас тудырып отыр. Гуан Ли мен Рафаэль Ревени бұл мәселеге қатысты үш түрлі көзқарасты айтады: Бір көзқарас бойынша жаһандану бұл демократияландыруға оң әсерін тигізсе де, басқа көзқарас бұның керісінше пікір айтуда. Үшінші көзқарас жаһандану процесінің демократияландыруға әсер етпейтінін дәлелдеуде. Бірінші көзқарас бойынша, жаһандану экономикалық өсуге әсер еткенімен, халықаралық сауда мен ынтымақтастықты арттыруда. Жаһандану көшбасшылардағы авторитарлық бейімділікті азайтуда, ақпараттың құнын төмендетуде, басқа демократиялық елдермен қарым-қатынасты және демократияшыл халықаралық азаматтық қоғамның күшін арттыруда. Жаһандану авторитарлық елдерді билікті бөлісуге мәжбүрлейді, сонымен қатар демократияны жақтайтын ішкі саяси институттарды қолдайды.

Екінші жағынан, жаһандану демократияландыруға теріс әсер етеді деген пікірге сәйкес, жаһандану мемлекеттің саяси дербестігін шектейтіндіктен, халықтың ортақ мүддесінің орнына шетелдік инвестордың көңілінен шығатын саясат алға шыға бастайды. Осы аяда жаһандану үйдегі кірістен гөрі көп шығындарға әкеліп қана қоймайды, сонымен бірге мемлекеттің шығындарды өтеу қабілетін шектейді. Жаһандану мемлекеттер арасындағы ақша айналымын жеделтуіне себеп болады. Ал бұл өз кезегінде елдерде дағдарыстарға себеп болып экономикалық тұрақсыздықты тудырады. Жаһандану этникалық және таптық айырмашылықтарды тереңдеткен сайын, демократия үшін маңызды болған ұлттық мәдени базаны бұзады. Жаһандану демократия үшін маңызды элемент болып табылатын «азаматтық» ұғымын қарастырады, солтүстік пен оңтүстік арасындағы экономикалық әділетсіздікті тереңдетеді. Осы екі пікірге қарама-қайшы, жаһандану демократияландыруға әсер етпейді деген тезисті жақтаушылар да жаһанданудың әсерін асыра сілтеп отыр деп санайды. Алайда, жалпы алғанда жаһандану демократияландыруды жеделдетіп, демократияға қарсы тұратын ішкі динамиканы әлсірететіні шындық.

Осы үш теория шын мәнінде елдердің ішкі саясатын демократияландыруға бағытталған. Алайда, біздің басты назарымыз халықаралық саясат пен тетіктерді демократияландыру болып табылады. Бұл тұрғыда да жаһанданудың әсерін теріске шығаруға болмайды. Жоғарыда айтылғандай, жаһандану демократияландыруды жеделдетті, нәтижесінде халықаралық құрылымдар әлдеқайда ашық, жария және дүйім жұрттың алдында өз іс-әрекеттері үшін есеп бере алатын жағдайға ие болды.

Бұқаралық коммуникация мен технологияның өсуіне байланысты дипломатия одан сайын ашық, жария бола түсті. Дәлірек айтқанда, бәрі бұрынғыдай жасырын түрде өте алмайтындай дәрежеге келді. Мұндай саясат жақын арада әлемдік қоғамдық пікірдің күн тәртібіне енуі мүмкін. Жаһандану жағдайында демократия идеясы да жаһанданданды, демократияға деген қажеттілік жергілікті, ұлттық және ғаламдық негізде өсті. Жаһанданудың плюрализмнің, бостандықтар мен адам құқықтарының таралуына және бұл ұғымдардың да жаһандануға әсер ететіні даусыз. Сондықтан әр түрлі көзқарастар мен әртүрлі сындардың болуына қарамастан, жаһанданудың жергілікті және халықаралық деңгейде демократияландыру процесіне оң әсер етеді деп айту қате болмас.

Жаһандану, демократияның алдында кедергі болып көрінген анархист халықаралық тәртіпті, мемлекеттің абсолютті егемендікке ұмтылысын және тек күшке негізделген саяси мүдделерді елеулі түрде әлсіретті. Халықаралық ұйымдардың көбеюі мен ашықтығы, осы ұйымдарды демократияландыру реформалары, адам құқықтары мен халықаралық құқықтың кең таралуы, бұқаралық

ақпарат құралдары мен технологиялардың ұлғаюы әлемдік тәртіпті демократияландыруға итермелеуде. Демократия дегеніміз - бұл кішігірім бөлшектерді басқару деп айтылады, бірақ бүгінгі жаһандану жағдайында біздің әлем ғаламдық ауылға айналғаны анық. Біздің әлем байланыс және тасымалдау тұрғысынан шынымен жаһандық ауыл болғандықтан, болашақта жаһандық демократиялық дүниежүзілік тәртіп қиял емес, қажеттілік болуы мүмкін. Себебі жаһандық проблемалар мен мүдделер ынтымақтастықты қажет етеді. Бұл жалпы шешімдер қабылдауды және плюралистік көзқараспен мүдделерді қорғауды талап етеді.

НӘТИЖЕ

Халықаралық саясат шекарадан өтетін, әсіресе мемлекеттер арасындағы ресми және азаматтық қатынастардың барлық түрлерін қамтиды. Жаһандану жағдайында әлемдік саясаттың мәселелері, акторлары, іс-әрекеттері мен проблемалары көбейді және күрделене түсуде. Бұл байланыстарды оқып, күнделікті тілге аударып, олардың мағынасы мен мақсатын түсіну үшін Халықаралық қатынастар теориялары жетілдірілді.

Егер пәнде реализм мен либерализм және олардың жаңа нұсқалары басым болса да, соңғы жылдары сыни теория, постструктуралық немесе постмодернизм сияқты альтернативті теориялар жасалды. Халықаралық саясат - мемлекеттердің анархиялық тәртіпте күшке негізделі отырып өмір сүруі және осыған байланысты бір-бірімен үнемі бәсекелестік пен күрес-тартыс жағдайындағы күш саясаты ретінде сипатталады.

Реалистік көзқарасқа сүйенген осынау түсінікке либерализм қарсы келуде. Либералистік көзқарас бойынша халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық пен бейбіт түрде өмір сүру мүмкін және халықаралық ұйымдар осы мақсатқа жету үшін функционалды құрал болып табылады деген тезисті алға тартуда.

Сыни теория осы екі теорияның екеуі де халықаралық саясатты түсіндіруге жеткіліксіз, екеуі де позитивистік әдіс арқылы шектеулі элементтерді түсіндіруге мүмкіндігі бар дегенді алға тартады. Теория да, практика да жаһандану жағдайында өзгеріске ұшырады, бірақ әлем бір-бірімен араласып, күрделене түсті, қарым-қатынастың жаңа түрлері дамыды. Ол кеңінен таралған демократияны халықаралық саясатта да жүзеге асыруды талап ететін нүктеге жетті.

Халықаралық ұйымдарда елдердің тең өкілдігі және шешімдерде өз пікірлерін білдіру талаптары күн сайын артып келеді. Әрине, бұл талаптар аздап болса да орындалады; Соңғы жылдары БҰҰ, ХВҚ, ДБ және ДСҰ сияқты жаһандық ұйымдарда тең өкілдік пен қатысуды арттыру мақсатында бірқатар реформалар жүргізілді. Бұл тұрғыда жаһандану халықаралық саясатты жария, ашық, халықаралық қатынастарды күрделендіре түсетін және күштің тысында бір функция атқаруда. Осы аспектілермен жаһандану халықаралық саясатты демократияландыруға да ықпал етеді.

Күрделі деңгейдің сұрақтары:

Реализм жаһандану процесін тануда жеткілікті ма?

Либералистік теория қай кезден бастап сынға ұшырай бастады себебін түсіндіріңіз,

Демократиялану процесін қалай түсіндіресіз?

Орта деңгейдің сұрақтары:

Реализм мен либерализмнің халықаралық қатынастарға қатысты ұстанымдарын түсіндіріңіз.

Реалистік теория жаһандану кезінде өзінің позициясын сақтап қала алды ма?

Бір қоғамда демократиялану процесі неліктен жүреді?

Жеңіл деңгейдің сұрақтары:

Реалистік көзқарастың ойшылдары кімдер.

Жоғарғы саясат дегеніміз не оны қай теория жақтауда?

Қырғи қабақ соғыс кезінде қай теория үстемдік етті себебін түсіндіріңіз.

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатта демократияландыру процесіне қатысты көзқарастар жәнәмәселермен айналысып жүрген ғалымдар.

ОБӨЖ тапсырмалары: Феминизм ағымының пайда болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). Uluslararası ilişkiler Tarihi, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar